

Шығыс Қазақстан облысы Үржар аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімнің әскерге шақыру учаскесіне 1992 жылы туған жасөспірімдерді тізімге алынуын өткізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданы әкімінің 2008 жылғы 24 желтоқсандағы N 28 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Үржар аудандық Әділет басқармасында 2009 жылғы 12 қаңтарда N 5-18-72 тіркелді. Мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды - Үржар ауданы әкімінің аппаратының 2009 жылғы 17 маусымдағы N 393 хатымен

Ескерту. Мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды - Үржар ауданы әкімінің аппаратының 2009.06.17 N 393 хатымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштеріне әскери мамандарды даярлау және қамтамасыз ету мақсатында, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 74 «Әскери міндет және әскери қызмет туралы» Заңының 17 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Заңының 33 бабының 13 тармағына сәйкес Үржар ауданының әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Үржар аудандық қорғаныс істер жөніндегі бөліміне 2009 жылдың 5 қаңтар - 30 наурыз аралығында 1992 жылы туған азаматтарды тізімге алу жүргізілсін.

1.1 Тізімге алынуды жүргізу үшін төмендегі құрамда аудандық комиссия құрылсын:

Кұлсеитов Қанатбек Дүйсенұлы	- қорғаныс істері жөніндегі бөлім бастығы, комиссия төрағасы, /келісімі бойынша/;
Байсинов Қабдысадық Ақбайұлы	- аудан әкімі орынбасары комиссия төрағасының орынбасары
Комиссия мүшелері:	
Шәріпов Ұлан Мединұлы	- аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы /келісімі бойынша/;
Шаихова Нұршат Құдайбергенқызы	- аудандық аурухана медбикесі, әскерге шақыру жөніндегі комиссиясының хатшысы /келісімі бойынша/

Д ә р і г е р м а м а н д а р :

Аға дәрігер-Ченемисова Нәсима Орынтайқызы /келісімі бойынша/.

Хирург - Садуакасов Бейсенғазы Құсайынұлы /келісімі бойынша/.

Терапевт - Тұрысбекова Зауреш Самырбайқызы /келісімі бойынша/.

Невропатолог - Жапарова Жанар Орыстайқызы /келісімі бойынша/.

Психиатр - Тоқтарова Айжан Социалқызы /келісімі бойынша/.
Отоларинголог - Оспанов Сәкен Жұмақұлұлы /келісімі бойынша/.
Офтальмолог - Омарғалиева Гульнар Қабдулмухитқызы /келісімі бойынша/.
Стоматолог - Әмірханова Роза Жасболатқызы /келісімі бойынша/.
Дерматолог - Төлемисова Сәния Нұрмухаметқызы /келісімі бойынша/.
Рентгенолог - Жексенбаев Зейнеғабыл Андасұлы /келісімі бойынша/.
Фтизиатр - Горковенко Галина Николаевна /келісімі бойынша/.
Эндокринолог - Есембаева Гүлнар Кәкенқызы /келісімі бойынша/.

2. Шығыс Қазақстан облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының Үржар аудандық № 1 медициналық бірлестігінің комуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын бастығы Б.А.Мадрахимов /келісімі бойынша/ Қазақстан Республикасының «Әскери міндет және әскери қызмет туралы» Заңының негізінде өзінің бұйрығымен, төмендегі шараларды өткізу ұсынылсын:

1. Анализдердің тапсыруды ұйымдастыру: қанның жалпы анализі, зәрдің жалпы анализі, кеуде клеткасының флюорографиясы.

2. 1992 жылы туған азаматтарды тізімге алу кезінде тұрақты қосымша қарауға
1 0 о р ы н б ө л у .

3. Бас дәрігер, сондай-ақ учаскелік ауруханалар № 1 және № 2 формалары бойынша тізімге тұрған азаматтарды емдеу барысы туралы жасөспірімдердің дәрігеріне есеп беруге міндеттелсін. Есеп беру тізімге алудан бастап әскерге шақыруға дейінгі мерзімде өткізу.

3. Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 74 «Әскери міндет және әскери қызмет туралы» Заңының 19 бабына сәйкес ауылдық округ әкімдеріне :

1. Тізімге алынуға тиіс азаматтардың шақыру учаскесіне 100 % келуін қамтамасыз етсін ;

2. 1992 жылы туған азаматтар тұрып жатқан ауылдық округтарда тізімге алынуды өткізу жауапкершілігі әскери есеп столының инспекторлары, сол сияқты алғашқы әскери даярлық мұғалім ұйымдастырушыларына жүктелсін.

4. Аудандық білім бөлімі (уақытша міндетін атқарушы) Ерзатов Болат Болатұлы алғашқы әскери даярлық оқытушы ұйымдастырушыларының 1992 жылы туған жасөспірімдердің қажетті құжаттармен қамтамасыз етіп, жасөспірімдердің медициналық комиссиядан уақытында өтулеріне және олардың арасында тәртіпті сақтауға жауапты адам тағайындау жүктелсін.

5. Аудандық қаржы бөлімі (Ә.Сарбаева) Қазақстан Республикасының “ Әскери міндет және әскери қызмет туралы” заңының 44 бабына сәйкес тізімге алу үшін, іздеу салу үшін және учаскеге әкелуге арнайы көлік шығыны, ауылдық округтерге баруға қажетті жанар-жағар май шығындарын төлеуді жүргізісін. Тізімге алу жөнінде хат хабарламаларды жіберуге, байланыс қызметтеріне,

медициналық комиссиядан өту үшін тізімге алынушыларды әкелуге қаражат аудандық бюджет есебінен жүргізілсін

6. Аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлім (капитан Құлсеитов Қанатбек Дүйсенұлы) /келісімі бойынша/ төмендегі шараларды өткізуді қамтамасыз етуі ұсынылсын:

1. 1992 жылы туған азаматтардың тізімге алынуын өткізуге әскерге шақыру пунктін дайындауды.

2.2. Жергілікті бюджет қаражаты есебінен шақырылатындардың жеке істерін рәсімдеп, шақыру қағаздарын тарату үшін 5 техникалық жұмысшы қызметке алынысын.

3. 1992 жылы туған азаматтарды зерделеу үшін қорғаныс істер жөніндегі бөлімнің жеке құрамына барлық ауылдық округқа баратын жылжымалы топ құруы. Зерделеу 2009 жылдың 1 ақпанына дейін өткізуі.

Жоғарғы әскери орындарына түсуге ниет білдіруші жасөспірімдерге үгіт-насихат жұмысын жүргізуге арнайы топ құрылсып, медициналық сараптама өткізу кезінде әскерге жарамды, білімі жақсы жасөспірімдерді жоғарғы әскери оқу орнына, Кадет корпусына және әскери техникалық мектебіне іріктеу жүргізілуі ұсынылсын.

7. Аудандық ішкі істер бөлімі (Шарипов Ұлан Меденұлы) /келісімі бойынша/ тізімге алынудан бас тартқан тұлғаларды іздестіру, шақыру учаскесінде тәртіптің сақталуын қамтамасыз етуді ұйымдастырсын.

8. Кәсіби іріктеуді ұйымдастыру үшін төмендегі тізімде топ құрылсын:

- | | |
|------------------------------------|--|
| 1. Нұрғожанов Нұрбек Зейнеғабұлұлы | Старшина - топтың басшысы /келісімі бойынша/ |
| 2. Тоқтарова Айжан Социалқызы | Дәрігер психиатр /келісімі бойынша/ |
| 3. Микенов Нұрлан Рамазанұлы | Кәмелет жасына толмаған істер жөніндегі инспектор /келісімі бойынша/ |

9. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау аудан әкімі орынбасары Байсинов Қабсадық Ақбайұлына жүктелсін.

10. Осы шешім ресми жарияланған күннен бастап 10 күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Үржар ауданының әкімі

Б. Жанақов

Келісілді:

Қорғаныс істері жөніндегі бөлім бастығы

Қ.

Құлсеитов

Аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы

Ұ. М.

Шәріпов

А. Мадрахимов

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігі денсаулық
сақтау басқармасының Үржар аудандық № 1
медициналық бірлестігінің коммуналдық
мемлекеттік қазыналық кәсіпорын бастығы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК